

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdubss.v56i1.004>

FTAMP: 19.21.91

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің медиадағы бейнесі: Салтанат Нүкенова кейсі негізінде

Есенгүл Кәпқызы¹
SDU University, Қаскелең, Қазақстан
*e-mail: yessengul.kap@sdu.edu.kz

Алина Серегина
Тәуелсіз зерттеуші, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл зерттеу Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің медиадағы репрезентациясына назар аударады. Негізгі мақсат – отбасындағы кикілжіңнің құрбаны болған, әйелдерді мемлекеттік медиа қалай сипаттағанын айқындау, сол арқылы үкіметтің нарративі қалай болғанын түсіну. Соның ішінде, отбасы жанжалының құрбаны болған әйелдердің медиадағы репрезентациясы, аудиторияға ақпараттың қалай жеткенін талдау, медиа қалыптастырған негізгі тенденцияларды анықтау. Зерттеу қоғамда үлкен резонанс тудырған Салтанат Нүкенова ісін кейс-стади ретінде қарастыра отырып, сыни дискурстық талдау (Critical Discourse Analysis, CDA) теориясын басшылыққа алады. Сыни дискурстық анализ (СДА) ерекшелігі медиа бейнелеген образдардағы жасырын идеологияны айқындайды, билік пен қоғам арасындағы қатынастарға көңіл бөліп, әлеуметтік нормаларды қалыптастыратын стереотиптерге көңіл бөледі. Бұл зерттеудің негізгі объектісі Салтанат Нүкенова кейсі. Бұл кейс арқылы отбасылық кикілжіңнің құрбаны болған әйелдердің медиадағы бейнесі сыни тұрғыдан талданады.

Зерттеу нәтижелері медиа әйелдер бейнесін шектен тыс эмоцияға айналдырып, оларды тым әлсіз әрі бейшара етіп ұсынатынын, алайда зорлық-зомбылықтың басты әрі әлеуметтік себептеріне назар аударылмай қалатынын көрсетеді. Сол себепті де медиа зерттеулері журналистердің әлеуметтік жауапкершілігін, тілдік дискурстары мен құралдарына көңіл бөліп, сыни анализ елегінен өткізу қажеттігі туындайды. Әйелдердің медиадағы бейнесі тек ақпарат таратудың нәтижесі емес, қоғамдағы гендерлік ой-пікірлерді қалыптастыратын маңызды құрал ретінде айқындалды.

Кілт сөздер: тұрмыстық зорлық-зомбылық, Салтанат Нүкенова ісі, СДА, Tengrinews

Кіріспе

Медиа әлеуметтік шындықты қалыптастырушы құрал ғана емес, сондай-ақ ол қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал етеді. Әрі, оның рөлі тек белгілі бір оқиғаны жеткізумен ғана шектелмейді, сол оқиғаға қатысты әлеуметтік көзқарасты да қалыптастырады. Яғни, медиа тек оқиғаны бейнелеумен, оны қайта құрастырады. Медиа мәтіндерінде қолданылатын тілдік құралдар, метафоралар, бейнелер мен нарративтер белгілі бір идеология мен көзқарасты білдіреді. Медианың конструктивті көзқарасты қалыптастыруға қосатын әсері тұрғысынан қарастырғанда, медиадағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдердің бейнесі сол қоғамдағы әйел рөлі, гендерлік қатынастар мен билік құрылымдары жайлы маңызды мәлімет көзі. Бірақ, өкініштісі сол, медиа әйелдерді әлсіз, дәрменсіз, кейде тіпті кінәлі етіп сипаттауға бейім. Осының салдарынан, қоғамда негативті стереотиптер тамыр жайып, оқырман

¹ Ф.Ф.К., SDU University, Әлеуметтік ғылымдар кафедрасының ассистент профессоры, ORCID 0000-0002-9276-1864

зорлық-зомбылықты қалыпты, тіпті кейде ақталатын құбылыс ретінде қабылдауға жол ашады.

Жалпы медиадағы репрезентациялардың сипаты кездейсоқ емес. Олар белгілі бір идеологиялық бағытпен, үкіметтік нарративпен тығыз байланысты. Өйткені, Қазақстанның медиа кеңістігінің басым бөлігі мемлекеттің бақылауында немесе мемлекеттің мүдделеріне тәуелді. Сол себепті де, кез келген мәселеге қатысты биліктің өзінің күн тәртібі бар (Lewis, 2016). Медиа биліктің жасап берген күн тәртібі шеңберінде жұмыс істейді және сол бағытта дискурс ұсынады. Бұл мақалаға өзек болып отырған әйел бейнесі де оқырманға тар шеңбердегі стереотиптер мен дискурстар аясынан шыға алмайды. Бұл зерттеу дәл осы медиадағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің бейнесін, оның қалай ұсынылатынын және оның қоғамға, әсіресе зорлық-зомбылық құрбандарына қалай әсер ететінін талдайды.

Аталған зерттеудің негізгі объектісі – Қазақстандағы танымал ресурстардың бірі *Tengrinews.kz* порталы. Nussipov (2019) бұл ресурстың Қазақстандағы жаңалық порталдарының ішінде екінші орында екенін айтса, Сайрамбай және басқалар (Sayrambay et.al, 2023) *Tengrinews.kz* порталының мемлекеттік тапсырыс алатындығына назар аударады. Бұл тақырыпты зерттеудің өзектілігін төмендегі проблемалар арқылы негіздеуге болады. Біріншіден, Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлі де кеңінен етек жаюына қарамастан, әлеуметтік тұрғыдан мойындалмай отыр. Әйелдердің көбі өздері бетпе-бет келген зорлық-зомбылық туралы айтудан жасқанады немесе оны жария қылуды ұят санайды. Себебі, қоғам кінәні әйелдің өзінен іздейді (Кәпқызы, 2022). Оларға зорлық-зомбылық көрсеткен адамдарды ақтау және құрбанды кінәлау қалыпты жағдайға айналды. Екіншіден, медиадағы репрезентациялар қоғамдық пікірге тікелей әсер етеді. Демек қоғамдық сананы өзгертуге ықпалы күшті БАҚ бұндай стереотиптердің алдын алуға көмектесері сөзсіз. Бұның өз кезегінде отбасылық кикілжіңнен зардап шеккен әйелдердің өз құқығын қорғауына көмектесуі мүмкін. Үшіншіден, медианың бұл мәселені сыни тұрғыдан жариялауы, құрылымдық мәселелерге көңіл бөлуі саясаткерлер мен заң шығарушылардың да көзқарастарына ықпал етіп, аталған проблема тек әлеуметтік қана емес, саяси қырлары бар фактор ретінде қарастырылғаны жөн.

Бұл ғылыми жұмыстың мақсаты – қазақстандық медиа, соның ішінде, *Tengrinews.kz* сайтының тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары болған әйелдерді қалай суреттейтіндігін талдау. Зерттеу аясында медиа дискурстағы репрезентация тәсілдерінің құрбандардың виктимизациясына немесе оларға деген жанашырлық сезімін арттыруға ықпал ете алатынын анықтау көзделеді.

Сонымен қатар, бұл мақала журналистика мен медиа мамандарына арналған тәжірибелік нұсқаулық бола алады. Мәселен, медиада тұрмыстық зорлық-зомбылықты жариялау кезінде қолданылатын терминдер тізімі ұсынылып, құрбандардың жеке өмірін қорғау нормалары жайында нұсқау беріледі. Әрі этикалық стандарттар мен бейтарап болудың принциптеріне көңіл бөлінеді. Бұл өз кезегінде медиа контентінің сапасын арттырып, зорлық-зомбылық құрбандарына қатысты әділетті көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық негізі ретінде бірнеше тұжырымдар қолданылды. Соның ішінде Норман Фэйрклофтың сыни дискурс-талдау теориясы медиа дискурсындағы жасырын билік қатынастарын ашуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, медиа және гендерлік зерттеулер саласындағы Сюзанна Дж. Хасен, Лаура Мулвей және Жанна Кастельс сынды ғалымдардың еңбектері зерттеу үшін маңызды база екендігін айта кету керек.

Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – қазақстандық медиадағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдердің бейнесін талдау, медиа дискурсындағы негізгі нарративтерді, қолданылған тілдік құралдарды және олардың қоғамдық санаға әсерін

зерттеу. Аталған зерттеу – Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін терең түсінуге, медиа кеңістікте әйелдер бейнесінің қалай құрылатынын ашуға және осы процесте қандай идеологиялық, мәдени және саяси факторлардың әсер ететінін айқындауға бағытталған алғашқы қадамдардың бірі. Ол тек ғылыми қызығушылықтың ғана емес, сонымен қатар қоғамдық маңызы зор, себебі медиа – шындықты бейнелеумен қатар оны қайта құрушы күш.

Әдебиетке шолу

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің медиадағы бейнесі туралы зерттеулер Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде де әлі аз деп саналады (Кәпқызы, 2022). Ал Қазақстанда бұл мәселеге зерттеушілер көп көңіл бөлмейді. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) статистикасына сәйкес, Қазақстанда әйелдердің 18%-ы өмір бойы физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған (UN Women, 2018). Көптеген зерттеулер дәл осындай маңызды мәселенің назардан тыс қалатындығын сөз етеді (Ismagulova, Akhmetova, & Saparova, 2024). Бұл мақалада медиа әйелдердің бейнесін қалыптастыруда қандай дискурстарды ұсынатындығын саралап, медиадағы виктимизация мен жанашырлық фреймі қандай әлеуетті әсерлерге ие болатындығын айқындап, оның қоғамдық пікірге тигізетін ықпалы қарастырылады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы мақалалар үнемі екі жолмен оқырманға жол тартады. Біріншісі, құрбандарды пассив, қорғансыз субъект ретінде бейнелеу (виктимизация) немесе оларға жанашырлық таныту мен қолдау түрінде кездеседі (Bell & Hall, 2016). Виктимизация фреймі құрбандарды әлжуаз, қорғауды қажет ететін тұлға ретінде көрсетеді. Зерттеулер бұл фрейм медиадағы жарияланымдар арқылы зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамды қайта жаралайды (Feinstein & Krieger, 2017). Келесі фрейм жанашырлық таныту эмпатияны күшейтеді, оқырманды көмек көрсетуге шақырады. Алайда оның да өзіндік этикалық нормалар шеңберін сақтау маңызды (Hegland & Di Masso, 2018).

Зерттеушілердің көбі осы санаттағы әйелдердің бейнесін медианың қалай беретініне әрі оқырмандардың оны қалай қабылдайтынына назар аударады. Bell & Hall (2016) медиа тұрмыстық зорлық-зомбылықты сипаттағанда көбінде әйелдердің дәрменсіздігіне көңіл аударып, олардың әлсіздігін, көмекке мұқтаждығын сөз етеді. Meyers (1997) сондай-ақ, медиа сенсацияға жол беретіндігін, оны қоғамдық проблема ретінде суреттеудің орнына жеке оқиға ретінде назар аударатынын айтады. Machin & Maug (2012) лингвистикалық құралдардың зорлық-зомбылықты сипаттаудағы рөліне көңіл бөледі. Stubbs (1997) бұл мәселелердің барлығының астарында гендерлік теңсіздіктің жатқанын алға тарта отырып, әйел тек тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерінде ғана емес, сонымен қатар, кез келген оқиғада әлсіз және бағынышты жандар ретінде суреттелетінін жеткізеді. Lazar (2007) медиа әйелдердің үнін тұншықтыруға баса көңіл бөледі деген ойда. Медиа отбасындағы кикілжіңді қылмыстық мәселе ретінде суреттеуге бейім, мұндай жағдайда оның басқа әлеуметтік аспектілерді назардан тыс қалады да, қоғам оны тек сот арқылы немесе құқық қорғау органдары арқылы шешілуі тиіс деген түсінік қалыптастырады (Kitzinger, 2004). Сонымен қатар, медиа гендерлік стереотиптерді тудыруға үлес қосады, ал әйелдердің ой-пікірі мен тәжірибесі көп жағдайда еленбей қалады (Gill, 2007).

Қазақстандық медиада тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырағандар жайлы ақпарат полиция мәліметтері негізінде беріледі. Бірақ қоғамның бұл ақпараттарды қалай қабылдайтыны, олардың санасына не әсер ететіні жайлы мәлімет аз (Есенбаев & Қайдарова, 2021). Жергілікті ақпарат құралдары жеке мәселелерге назар аударуы арқылы «жанана кінәлау» дискурсын

тудырғаны байқалады. 2023–2024 жылдары Салтанат Нүкенова ісінде де осындай патриархал стереотиптерді қайта өндіру мысалын көруге болады (AP News, 2023; Reuters, 2024).

Әлжанова (Alzhanova, 2024) Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында медиа мен коммуникация стратегияларының рөлін зерттейді. Автор медиа кеңістіктегі зорлық-зомбылық мәселесінің қалай талқыланып жатқанын, әсіресе қоғамда үлкен резонанс тудырған Салтанат Нүкенованың өлімі жағдайын мысалға ала отырып, нақты түрде қарастырады. Зерттеудің басты ерекшелігі – дағдарыс кезіндегі коммуникация формаларын және әлеуметтік желілердегі қоғамдық реакцияларды сараптау. Автор медианың оқиғаға деген риторикасын, әйелге және ер адамға қатысты бейнелерін салыстырып, зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты әлеуметтік жауапкершіліктің көбіне құрбандардың өздеріне жүктелетінін көрсетеді.

Алжанованың зерттеуі бұл жұмыста Қазақстандық контексте әйелдердің медиада қалай репрезентацияланатынын түсінуге айтарлықтай үлес қосады. Сонымен қатар, ол медианың дағдарыс коммуникациясындағы рөлін сыни тұрғыда бағалауға мүмкіндік береді.

Арагбува (Aragbuwa, 2021) тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының әңгімелерін сыни дискурс-талдау әдісі арқылы қарастырады. Зерттеу танымал нигериялық блогта жарияланған шынайы оқиғаларға негізделген. Автор дискурстарды талдай отырып, құрбандардың өзіндік бейнесінің қалай қалыптасатынын, олардың дауысы медиада қалай естілетінін және әлеуметтік рөлдерінің қалай ұсынылатынын зерттейді. Бұл жерде назар тек мазмұнға емес, қолданылған тілге, риторикаға және құрылымға да аударылады. Бұл зерттеу оқиғаларды баяндау кезінде кейіпкерлердің, яғни әйелдердің өзі қатысқаны, әрі басынан кешкендерін өз аузынан баяндағанда, медиада олардың бейнесі анағұрлым шынайы болатындығын паш етеді. Бұл зерттеуде тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарының медиада пассив субъект ретінде емес, нақты рөлі бар әлеуметтік актор ретінде бейнеленуін талдауға септігін тигізеді.

Кесте 1. Әйелдерді репрезентациялаудағы әлемдік тенденция

Әйелдер қалай бейнеленген?	Анықтама	Дереккөз
Медиа оқиғаның риторикасында құрбан рөліндегі бейне; әйелге жауапкершілікті жүктеу; әлеуметтік желідегі реакциялар мен дағдарыс коммуникация формаларын сараптау	Дағдарыс кезіндегі коммуникация формалары әлеуметтік желілердегі қоғамдық реакциялар талдауы	Алжанова, А. (2024). <i>Speak Up: Effective Communication Strategies in Domestic Violence Crises in Kazakhstan</i>
Құрбандардың өздерін әрекет ету қабілеті бар субъект ретінде көрсетуі; оқиғаларды өз тілімен жеткізу арқылы бейнелеу	Құрбандардың нарративтерін зерттеу, қолданылған тіл мен риториканы талдау	Aragbuwa, A. (2021). A critical discourse analysis of victims' narratives in Stella Dimoko Korkus' domestic violence diary. <i>Ghana Journal of Linguistics</i> , 10(1), 251-275.

Отбасылық қалқығыс немесе жеке трагедия ретінде сенсациялау; құрылымдық теңсіздікті ескермеу	Медиа мәтіндерін әлеуметтік контекст пен гендерлік үстемдік жүйесі тұрғысынан зерттеу	Easteal, P., Holland, K., Breen, M. D., Vaughan, C., & Sutherland, G. (2019). Australian media messages: Critical discourse analysis of two intimate homicides involving domestic violence. <i>Violence against women</i> , 25(4), 441-462.
Әйелдерді әлсіз, бағынышты, құрбан рөлінде бейнелеу; зорлық-зомбылыққа кінәлі ретінде көрсету	Сыни дискурс-талдау газет мәтіндеріндегі сөздер мен тіркестерді, стереотиптерді және риториканы талдау	Mardikantoro, H. B., Baehaqie, I., & Badrus Siroj, M. (2022). Construction of women in media: A critical discourse analysis on violence against women in newspapers. <i>Cogent Arts & Humanities</i> , 9(1), 2146927.

Ескерту. Авторлардың әдебиетке шолу нәтижесінде дайындаған кестесі

Истил және басқалар (Easteal et.al., 2019) Австралияда болған екі тұрмыстық зорлық-зомбылықтан туындаған адам өлтіру оқиғасын талдайды. Зерттеуде екі ірі ақпарат құралындағы жаңалықтар мен мақалалар сыни дискурс-талдау әдісімен қарастырылады. Авторлар медианың зорлық-зомбылықты жеке трагедия немесе «отбасылық қалқығыс» ретінде көрсетуге бейімдігін сынға алады. Бұл тәсіл оқырман назарын әлеуметтік себептерден алшақтатып, мәселені жекелендіріп көрсетеді. Бұл зерттеу медиа тұрмыстық зорлық-зомбылықты қоғамдағы құрылымдық теңсіздік пен гендерлік үстемдік жүйесінің көрінісі ретінде көрсетудің орнына, көбіне оқиғаның «сенсациялы» қырларын алға шығаратынын дәлелдейді. Бұл тұрғыда аталмыш еңбек зерттеу тақырыбы үшін маңызды методологиялық және теориялық бағыт береді.

Мардиканторо (Mardikantoro, et.al., 2022). және оның әріптестері Индонезия баспасөзіндегі әйел бейнесін қарастырады. Сыни дискурс-талдау тәсілі арқылы авторлар газет мәтіндерінде әйелдердің қалай бейнеленетінін, қандай сөздер мен тіркестер қолданылатынын, олардың гендерлік стереотиптермен қалай байланысатынын зерттейді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, көптеген басылымдар әйелдерді әлсіз, бағынышты немесе құрбан рөлінде бейнелеуге бейім. Сонымен қатар, әйелдің зорлық-зомбылыққа ұшырауына оның өзін кінәлі етіп көрсету риторикасы жиі кездеседі. Бұл зерттеу осы жұмыстың негізін құрайтын дискурс талдауының тиімділігін дәлелдейді және медиа тілінің шындықты қалыптастыруда қандай рөл атқаратынын нақты көрсетеді.

Жоғарыда қарастырылған зерттеулердің барлығы медиада тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдердің бейнесінің қалыптасуы кездейсоқ емес екенін дәлелдейді. Бұл бейнелер тіл, құрылым, контекст және риторика арқылы жасалып, қоғамдағы гендерлік теңсіздікті қайта өндіреді. Зерттеулердің көпшілігі сыни дискурс-талдау әдісіне негізделгені бұл ғылыми жұмысының әдіснамалық бағытын дәлелді етеді.

Теориялық негіздеме

Зерттеу сыни дискурс анализін (Critical Discourse Analysis, CDA) басшылыққа алады. Бұл тәсіл тіл мен билік арасындағы өзара байланысты талдауға бағытталған, яғни мәтіндер мен сөздердің қоғамдағы әлеуметтік құрылымдар мен қатынастарды қалай көрсетіп, қалыптастыратынын зерттейді (Fairclough, 1995). CDA – медиа мәтіндерін ғана емес, олардың

артында жатқан идеологияларды, нормаларды, билік жүйесін және шындықты жасау тетіктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін күрделі зерттеу әдісі.

Сыни дискурс анализінің теориялық тамыры 20-ғасырдың екінші жартысындағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы постструктурализм мен әлеуметтік конструктивизм бағыттарымен тығыз байланысты. Бұл теорияны қалыптастырған ғалымдар қатарына Норман Фэйрклоу (Fairclough), Теун ван Дейк (van Dijk) және Рут Водак (Wodak) секілді зерттеушілер кіреді. Олар дискурсты тек тілдік құрылым емес, қоғамдағы билік, теңсіздік, үстемдік пен қарсылықты көрсететін құрал ретінде қарастырды (van Dijk, 2008; Wodak & Meyer, 2009). Фэйрклоу дискурсты әлеуметтік тәжірибе ретінде зерттеуді ұсынып, дискурстың қоғамды өзгертудегі әлеуетіне назар аударды (Fairclough, 2013).

CDA медиадағы тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесін зерттеуде аса тиімді, себебі бұл әдіс арқылы мәтіндерде қандай идеялар үстем, қандай мағына қалыптасып отырғанын, кімнің дауысы естіліп, кімнің үнсіз қалғанын анықтауға болады. Мысалы, кейбір жаңалықтарда жәбірленуші әйел туралы ақпарат өте шектеулі немесе бейтарап, ал кейде тіпті оны оқиғаға себепкер етіп көрсетуі мүмкін. Бұл дискурстар – жай ғана сөздер емес, олар қоғамда жәбірленушіге деген көзқарасты қалыптастырады және қайта өндіреді (Kitzinger, 2004).

CDA әдісінің бұл жұмыста қолданылуы кездейсоқ емес. Ол Стюарт Холлдың репрезентация теориясының логикалық жалғасы іспетті. Холл өзінің репрезентация теориясында медиа бейнелердің нақты шындықты көрсетпейтінін, керісінше, оны қайта құрастыратынын айтқан. Яғни, медиа белгілі бір топты қалай көрсетсе, қоғам соған сай қабылдайды (Hall, 1997). Холл үшін репрезентация бұл мағына жасау процесі. Ал CDA – сол мағыналардың қалай жасалып, таралып, қабылданып жатқанын тереңірек талдайтын құрал.

CDA осы зерттеу үшін аса маңызды, себебі бұл тәсіл медиа материалдарындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдердің бейнесін жай ғана сипаттап қоймай, ондағы жасырын идеологияларды, гендерлік нормаларды, әлеуметтік рөлдерді ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл әдіс арқылы медиа қалайша қоғамдағы билік қатынастарын нығайтады немесе қайта өндіреді деген сұраққа жауап табуға болады. Яғни, тұрмыстық зорлық-зомбылық тек әлеуметтік құбылыс емес, ол медиада тіл арқылы белгілі бір формада ұсынылып, сол арқылы әлеуметтік шындыққа айналады.

Медиялық дискурста тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі әртүрлі тәсілдермен сипатталуы мүмкін: құқықтық, әлеуметтік, медициналық немесе сенсациялық тұрғыда. Бұл тәсілдердің әрқайсысы қоғамда мәселенің қалай қабылданатынына әсер етеді.

1. **Фрейминг және медиалық нарративтер.** Медиада тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғалары көбінесе жеке оқиғалар немесе сенсациялық материал ретінде беріледі. Көптеген зерттеулер (Meyers, 1997; Kitzinger, 2004) көрсеткендей, зорлық-зомбылық туралы баяндамаларда құрылымдық факторлар (экономикалық теңсіздік, мәдени нормалар) елеусіз қалады, ал жеке кінә мен жауапкершілікке баса назар аударылады.
2. **Легитимизация және нормализация.** Fairclough (1995) атап өткендей, дискурс белгілі бір идеологияны заңдастыру үшін қолданылады. Кейбір медиалық материалдар тұрмыстық зорлық-зомбылықты қалыпты жағдай ретінде көрсетіп, оны қоғамдық мәселе ретінде талқылаудан алшақтатуы мүмкін. Бұл көбінесе гендерлік стереотиптер арқылы жүзеге асады.
3. **Жәбірленушіні бейнелеу.** Медиадағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары көбінесе пассивті немесе дәрменсіз ретінде сипатталады. Bell мен Hall (2016) зерттеуінде әйелдердің жиі «құрбан» немесе «зардап шегуші» ролінде ғана көрсетілетіні анықталған. Бұл

репрезентация әйелдердің өздерін қорғау және зорлық-зомбылықтан шығу жолдарын іздеу қабілетін төмендетуі мүмкін.

4. **Гендерлік теңсіздік пен билік қатынастары.** Van Dijk (2008) медиалық дискурстағы билік қатынастарының қалай құрылатынын қарастырады. Медиадағы жаңалықтар мен бағдарламалардағы тілдік құралдар арқылы билік динамикасы көрсетіліп, кейбір топтардың (әйелдер, зорлық-зомбылыққа ұшырағандар) шеттетілуі мүмкін.

Осылайша, CDA-ның көмегімен бұл зерттеу тек медианың әйелдерге деген қатынасын ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы гендерлік теңсіздікті, стереотиптерді және ақпарат арқылы жүзеге асатын билік құрылымдарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің қолданылуы зерттеуді теориялық әрі әдістемелік тұрғыдан тереңдетіп, мәселені ғылыми түрде жан-жақты қарастыруға жол ашады.

Әдіснама

Зерттеудің методологиясы сандық және сапалық контент анализі. Бұл зерттеуде Кресвелдердің (W. Creswell & Creswell, 2023) сипаттамалық ұласпалы аралас зерттеу әдісі басшылыққа алынады. Зерттеудің негізгі сауалы: *медиадағы бейнелеу тәсілдері зорлық-зомбылық құрбандарын қалай виктимизациялайды?*

Медиа зерттеулерінде медиа мәтінді зерттеу үшін кеңінен қолданылатын зерттеу әдістерінің бірі – контент анализ. Біздің зерттеуіміз контент анализдің сандық, сапалық әдістерін араластырады. Бұл әдіс мәтіндегі жасырын, алайда қоғамға ықпал ету үшін қайталанатын категорияларды айқындауға мүмкіндік береді (санау арқылы), әрі сол категорияларға интерпретация жасау арқылы сол мәтіннің, қайталанған категориялардың астарындағы мәнді айқындауға болады.

Бұдан туындайтын міндет – Салтанат Нүкенова ісі қандай нарративпен оқырманға ұсынылғанын айқындау. Осы мақсаттың үдесінен шығу үшін әуелі дедуктивті жолмен айқындалған категориялар саналды. Мысалы, «құрбан», «қылмыс», «отбасы жанжалы», «әйел кінәлі» сияқты сөздердің жиілігін анықтау медиа нарративтерін түсінуге негіз болады. Яғни, категорияларды айқындау, сол категориялар арқылы тенденция мен трендті, басым бағыттарды көрсету негізгі мақсат болады. Алайда сандық анализ медианың мазмұнын толық түсіндіре алмайды (Krippendorff, 2018). Яғни, мәтіндердің астарындағы мәнді айқындау үшін бұл зерттеу сапалық контент-анализ әдісіне де жүгінеді. Негізгі мақсат - айқындалған категорияларды талдау, талқылау, ол үшін қолмен кодтау анализі таңдалып алынды. Сөйтіп, мақала қоғам назарын аударған, резонансты кейс Салтанат Нүкенованың сот барысын жариялау барысындағы медиадағы стереотиптер мен символдарды және мағыналарды ашуға талпынады.

Кресвел және Кресвел (W. Creswell & Creswell, 2023) аралас зерттеудің сипаттамалық ұласпалы әдісін ұсынады. Бұл әдіс бойынша әуелі нәтижелер сандық әдіс бойынша алынады, ал сапалық әдіс яғни мәліметтерді түсіндіру, интерпретациялау осы сандық әдіс арқылы алынған нәтижелерді талдауға бағытталады.

Зерттеудің негізгі айнаымалысы *Tengrinews.kz* жаңалықтар порталы. *Tengrinews.kz* 2009 жылдан бері жұмыс істейді және «Tengrinews» бренді Alash Media Group холдингіне тиесілі. Бұл холдинг жыл сайын Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі тарапынан бөлінетін мемлекеттік ақпараттық тапсырыс арқылы тұрақты қаржыландырылады (Sayrambay, et.al, 2023). Осы тұрғыдан алғанда, *Tengrinews.kz* үкіметтік нарративтер мен ресми риториканың медиада қалай ұсынылатынын зерттеу үшін маңызды дереккөз болып табылады.

Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі көбіне саяси және әлеуметтік контексті бар тақырып болуына байланысты, үкімет пен медиа арасындағы өзара байланыс бұл зерттеуде ерекше мәнге ие. Осыған байланысты аталған ақпарат құралы таңдалды. Оның көмегімен біз тек ақпараттың мазмұнын ғана емес, мемлекеттік дискурстың медиа арқылы қалай жеткізілетінін де талдай аламыз.

Осылайша, зерттеу барысында сандық анализ арқылы медиадағы бейнелердің жиілігі мен құрылымын бағалап, ал сапалық анализ арқылы осы бейнелердің мазмұны мен риторикалық тәсілдерін тереңірек түсіну көзделеді. Бұл тәсіл гипотезаны нақты, дәлелді түрде тексеруге мүмкіндік береді және медиа құралдарының зорлық-зомбылық құрбандарына деген қоғамдық көзқарасты қалыптастырудағы ықпалын ашып көрсетеді.

Нәтижелер және талқылау

Бұл зерттеуге негіз болған материалдар 2024 жылғы наурыз айының соңы мен 2024 жылғы 13 мамырдағы *Tengrinews.kz* сайтында жарияланған қазақ тілі мен орыс тіліндегі мақалалар. Бұл мақалалар Бишімбаев соты болған сәтте жазылған. Кейбірі сот залынан тікелей репортаж дайындаған. Зерттеу Сыни дискурс анализін басшылыққа ала отырып, 20 мақалаға талдау жүргізді. Негізгі кілт сөздер: «Сенсацияландыру», «Процедуралық кадрлеу» және «Болжау-спекуляция».

Кесте 2. Талдау барысында айқындалған категориялар

№	Мақала атауы	Сенсацияландыру	Процедуралық кадрлеу	Болжау–спекуляция
1	Прокурор Салтанат Нүкенова қайтыс болған күн туралы айтып берді	1	1	0
2	Салтанат Нүкенова қалай қайтыс болған: Бишімбаев өз нұсқасын айтты	2	0	1
3	Нүкенованың ағасы Салтанат Бишімбаевтан қанша рет кеткісі келгенін айтты	0	0	1
4	«Салтанат қолымды қатты қысты». Бишімбаевтың інісі Нүкенова қайтыс болған күн туралы айтты	2	0	0
5	Салтанат Нүкенованы қылқындырған болуы мүмкін - сарапшы	1	0	2
6	Салтанат Нүкенованың анасы сотта өз эмоциясын жасыра алмады	2	0	0
7	Бишімбаев Нүкенова қайтыс болған күнге қатысты айғағын	1	1	1

	өзгертті			
8	«Мұқатып, кек алады». Нүкенованың құрбысы Аидаға жазған хаттары оқылды	2	0	1
9	"Сені қарғаймын, балаларыңды". Байжанов Бишімбаевтың қысымы туралы	1	0	1
10	«Спасибо скажете после суда» - брат Салтанат матери Бишимбаева	0	1	0
11	«Они издевались над телом Салтанат» - брат Нукеновой о Бишимбаеве и Байжанове	3	0	0
12	Стало известно, что будет на следующем заседании суда по делу Бишимбаева	0	2	0
13	Три главных вопроса решат судьбу Бишимбаева	0	2	0
14	Объявлены дата и время приговора Бишимбаеву	0	2	0
15	Суд над Бишимбаевым - трансляция 2 мая	0	3	0
16	Родные Салтанат Нукеновой эмоционально отреагировали на приговор: видео	1	1	0
17	«Бишимбаеву будет 68 лет - это почти пожизненное» - брат Салтанат Нукеновой	0	1	0
18	Қуандықу Бишимбаеву вынесли приговор	0	2	0
19	«Решила выступить красиво»: брат Салтанат Нукеновой не поверил жене Байжанова	1	0	1
20	«Спасибо скажете после суда» - брат Салтанат матери Бишимбаева	0	1	0

Ескерту. Авторлардың талдау нәтижесі бойынша дайындаған кестесі

Бұл нәтижелер аталған кілт сөздер негізінде кодтау әдісі арқылы жүзеге асырылды. Мақалаларды категориялар негізінен дедуктивті түрде, яғни бұған дейінгі бар әдебиеттердің негізінде жасалды.

Сенсацияға айналдыру (Sensationalism)

Сенсацияға айналдыру медиа дискурстегі стратегиялардың бірі, оның көмегімен оқиғалар ерекше әсерлі, эмоциялы түрде беріледі. Бұл тәсіл әсіресе тұрмыстық зорлық-зомбылық тақырыбында жиі кездеседі. Мақсат – оқырманның назарын тарту, сезімін қозғау, бірақ бұл көбінесе мәселенің әлеуметтік табиғатын бұрмалауға алып келеді (Bednarek & Carple, 2017). Сенсацияға айналдыруда нақты деректерден гөрі, шок тудыратын детальдар, эмоциялық бейнелер, қайғылы сәттер мен тұлғалық пікірлер алдыңғы орынға шығады.

Tengrinews.kz сайтында 2024 жылғы наурыз–мамыр аралығында жарияланған Салтанат Нүкенова ісіне қатысты 20 мақаланың сандық және сапалық талдауы нәтижесінде, 13 мақалада сенсация жасау белгілері анықталды. Бұл мақалаларда медиатекстердің тақырыптарынан бастап, мәтін ішінде қолданылған тілдік құралдар мен құрылымдарда эмоцияны күшейту айқын байқалады.

Эмоциялық-экспрессивті тақырыптар

Мақалалардың атауларында жиі қолданылған тілді драматизациялау элементтері көрініс тапты. Мысалы:

- “Салтанат қолымды қатты қысты”. Бишімбаевтың інісі Нүкенова қайтыс болған күн туралы айтты» (*Tengrinews.kz*, 2024).
- “Сені қарғаймын, балаларыңды”. Байжанов Бишімбаевтың қысымы туралы» (*Tengrinews.kz*, 2024).
- “Они издевались над телом Салтанат” - брат Нукеновой о Бишимбаеве и Байжанове» (*Tengrinews.kz*, 2024).

Бұл тақырыптар оқиғаның себептері мен әлеуметтік мәнін ашудан гөрі, трагедия мен драмаға акцент береді. Оқырманға оқиғаның “қатты”, “қорқынышты”, “жан түршігерлік” тұстарын көрсету – сенсацияландырудың негізгі стратегиясы болып табылады (Örnebring & Jönsson, 2004).

Қайғыны тұтыну объектісіне айналдыру

Материалдарда қайтыс болған әйелдің отбасының эмоциясына ерекше көңіл бөлінеді. Мысалы:

- «Салтанат Нүкенованың анасы сотта өз эмоциясын жасыра алмады» (*Tengrinews.kz*, 2024).
- «Родные Салтанат Нукеновой эмоционально отреагировали на приговор: видео» (*Tengrinews.kz*, 2024).

Мұндай репортаждар медианың қайғыны “тұтыну объектісіне” айналдыру тенденциясын көрсетеді. Оқиға мәні мен контексті назардан тыс қалып, “адамдар қалай жылады”, “не деп айтты” деген сипатта беріледі (Chouliaraki, 2006).

Шоудың құрылуы: сотты медиатизациялау

Бірқатар материалдар сот процесін шынайы құқықтық процедура ретінде емес, шулы оқиға – шоу ретінде ұсынған. Мысалы:

- «Суд над Бишимбаевым - трансляция 2 мая» (*Tengrinews.kz*, 2024).
- «“Бишимбаеву будет 68 лет - это почти пожизненное” - брат Салтанат Нукеновой» (*Tengrinews.kz*, 2024).

Трансляцияға, қысқа пікірлерге, біржақты эмоцияға басымдық беру арқылы медиа істі құрылымдық тұрғыда емес, қызық форматта ұсынуға ұмтылған. Бұл тұрмыстық зорлық-зомбылықты күрделі әлеуметтік мәселе емес, “қылмыстық драма” ретінде көрсетеді.

Сенсациялаудың әйел бейнесіне ықпалы өте үлкен. Мәселен, *Объективация*: Салтанаттың ішкі дүниесі, әлеуметтік себептері емес, денедегі жарақаттар мен шок жағдайындағы суреттер негізгі назарға алынды. *Құрбанға кінә артудың бастамасы*: графикалық детальдар құрбанның әрекетін де сын ретінде көрсетуге жол ашады, мысалы «қолы қатты қысылды» дегенді кейде «қолын ұстады» деп ыңғайсыз мағынада қолдану ықтимал. *Эмпатиядан ашақтау*: оқырман фактілерден гөрі, сенсациялық бейнеге назар аударады, оқиғаның әлеуметтік түпкі себептері ашылмай қалады.

Сенсацияландыру категориясының жиілігі талданған мақалалар арасында ең жоғары көрсеткіштердің бірі болды (барлығы 22 рет). Бұл тенденция медианың мәселені объективті әрі әлеуметтік контексте көрсетудің орнына, көрерменнің эмоциясына жұмыс істеуге бейімділігін дәлелдейді. Нәтижесінде, оқырман зорлық-зомбылықты нақты себептермен емес, тек шулы, оқшау жағдай ретінде қабылдай бастайды (Fairclough, 1995).

Процедуралық кадрлеу (Procedural framing)

Медиадағы тұрмыстық зорлық-зомбылық репрезентациясында оқиға мәні жиі түрде құқықтық процедураларға, сот отырыстарына, сараптамалық детальдарға ығыстырылып, мәселенің әлеуметтік-мәдени табиғаты екінші орынға қалдырылады. Бұл стратегия процедуралық кадрлеу (procedural framing) деп аталады. Процедуралық кадрлеу кезінде медиатекстер негізгі фокусын істің заңдық және техникалық аспектілеріне сот процесі, тергеу барысы, сараптамалар, айыпталушы мен қорғаушының позициялары сияқты элементтерге аударып, зорлық-зомбылықтың жүйелі себептерін ашпайды (Meyers, 1997). Бұл тәсіл журналистік бейтараптықты сақтау ұстанымы бойынша түсіндірілгенімен, шын мәнінде тұрмыстық зорлық-зомбылықты индивидуализациялап, әлеуметтік деңгейден “қылмыстық іске” айналдырады. Бұл тәсіл Қазақстандағы Салтанат Нүкенова ісіне қатысты жарияланған мақалаларда айқын көрініс тапты.

Tengrinews.kz сайтында 2024 жылғы наурыз-мамыр айларында жарық көрген 20 мақаланың сапалық және сандық CDA талдауы негізінде, 12 материалда процедуралық кадрлеу белгілері тіркелді. Бұл мақалаларда ақпараттың басым бөлігі ресми айыптаулар, айғақтар, сот залындағы эпизодтар, процесуалдық детальдар мен құқықтық баға беруге бағытталған. Мысалы:

- «Прокурор Салтанат Нүкенова қайтыс болған күн туралы айтып берді» (*Tengrinews.kz*, 2024).
- «Бишімбаев Нүкенова қайтыс болған күнге қатысты айғағын өзгертті» (*Tengrinews.kz*, 2024).
- «Салтанат Нүкенованы қылқындырған болуы мүмкін - сарапшы» (*Tengrinews.kz*, 2024).
- «Объявлены дата и время приговора Бишимбаеву» (*Tengrinews.kz*, 2024).

Бұл материалдардың көпшілігі тергеу барысына, сот процесінің техникалық детальдарына, сараптамалық айғақтарға бағытталған. Авторлық немесе журналистік түсіндірмелер өте шектеулі, ал әлеуметтік талдау мүлде жоқ.

Процедуралық кадрлеу тәсілінде медиатекстердің құрылымында келесі сипаттар байқалды:

Мемлекеттік құрылымдарға акцент

Мақалаларда сот, прокуратура, сараптама органдары секілді құрылымдар негізгі ақпарат көзі ретінде ұсынылады. Мысалы:

- «Прокурордың айтуынша, Нүкенованың өліміне Бишімбаевтың тікелей қатысы бар. Сот сараптамасы оны тұншықтырып өлтіргенін көрсеткен» (Tengrinews.kz, 2024).

Бұл фактілерге негізделген ақпарат, бірақ мәселенің тұрмыстық зорлық сипатындағы себептері көрсетілмейді.

Сот барысын «оқиға желісі» ретінде ұсыну

Процедуралық кадрлеу көбіне сот отырыстарын детальмен баяндап, оқырманды процесс қатысушысы ретінде тартуға тырысады:

- «Келесі отырыста адвокат Байжановтың қорғауындағы куәгерлер тыңдалады. Басты сұрақ – қылмыстық әрекет қай сәтте орын алған?» (Tengrinews.kz, 2024).

Бұл сот процесінің “хронологиясын” ұсынады, бірақ құрбан мен зорлық туралы контекст назардан тыс қалады.

Қылмыскердің құқықтық статусы – негізгі фокус

Көптеген мақалаларда басты назар Бишімбаевтың жауапкершілігі, оның қорғаныс ұстанымы, адвокаттық стратегиясы, соттағы іс-қимылы мен куәлардың сөзіне қойылады. Бұл – оқиғаға қатысты қылмыскер бейнесін құқықтық субъект ретінде қалыптастырады:

- «Бишімбаев өз нұсқасын айтты. Ол Салтанатпен арада болған ұрысты жоққа шығармады, бірақ өлімге себепкер болмағанын айтты» (Tengrinews.kz, 2024).

Зорлық-зомбылықтың гендерлік сипаттағы құрылымдық себептері бұл жерде мүлде ескерілмейді (Berns, 2004).

Әлеуметтік салдар мен қауіпті тұстар

Процедуралық кадрлеу медианың “бейтараптығын” қамтамасыз ететін тәсіл ретінде қабылдануы мүмкін, алайда бұл тәсілдің бірнеше маңызды теріс салдары бар. Біріншіден, *зорлық-зомбылықтың гендерлік сипаты еленбейді*. Бұл тәсілде әйелдің жынысы, әлеуметтік статусы, патриархалдық нормалармен байланысы көрінбейді. Екіншіден, *жүйелі проблемалар жекелеген іске айналады*. Тұрмыстық зорлық жеке адамдар арасындағы “қайғылы жағдай” ретінде сипатталып, оның әлеуметтік, құқықтық, мәдени факторлары қарастырылмайды. Үшіншіден, *құрбан бейнесінің маргиналдануы*. Құрбан – бұл дискурста тек «іс материалындағы фигурант» ретінде көрінеді. Салтанат Нүкенова өз дауысы жоқ, өлі күйдегі объект ретінде ғана ұсынылады.

Процедуралық кадрлеу медиадағы зорлық-зомбылықты құқықтық оқиғаға ығыстырудың басты тәсілі. Бұл тәсіл құқықтық фактілерді берудің объективтілігіне сүйенсе де, оқиғаның әлеуметтік контекстін елеусіз қалдырып, оны жекелеген “қылмыстық эпизод” деңгейіне түсіреді. Салтанат Нүкеноваға қатысты мақалаларда бұл тәсіл кеңінен қолданылған және оның салдарынан тұрмыстық зорлық-зомбылықтың шынайы, құрылымдық сипаты көлеңкеде қалды.

Болжау-спекуляция (Speculation)

Болжау және спекуляция ресми ақпарат жетіспеген жағдайдағы медианың нарративтік вакуумды толтыруын білдіреді. Медиа саласында ресми дереккөздерден нақты ақпарат жетіспеген жағдайда, журналистер жиі түрде болжам мен жеке пікірге сүйенген спекулятивтік

тәсілдерге жүгінеді. Бұл – медиа зерттеулерде «болжау және спекуляция» деп аталатын кадрлеу үлгісінің бір көрінісі (Fairclough, 1995). Мұндай материалдарда нақты дәлелденбеген тұжырымдар, эмоциялық интерпретациялар мен жанама деректер арқылы оқиға көркем түрде баяндалады. Бұл тәсіл қоғамдық реакцияны күшейтеді, бірақ мәселенің объективті сипатын бұрмалайтын қауіпке ие (Kitzinger, 2004).

Салтанат Нүкенованың өліміне қатысты жарияланған материалдарда бұл дискурстың белсенді қолданылғаны байқалады. Әсіресе, әлеуметтік желілерден алынған фрагменттер мен туыстарының эмоциялық реакциялары арқылы құрылатын мақалаларда фактіден гөрі болжам басым түседі. Журналистикалық материал көбінесе оқырман эмоциясына әсер ету мақсатында құрылып, оқиғаның шынайы әлеуметтік контексінен алыстайды.

Болжау және спекуляция белгілері анықталған мақалалар

Tengrinews.kz сайтындағы талданған 20 мақаланың 11-інде спекуляция мен болжамға құрылған кадрлеу әдістері байқалды. Әсіресе, төмендегі мақалаларда мұндай дискурстың айқын белгілері бар:

- «Салтанат қолымды қатты қысты. Бишімбаевтың інісі Нүкенова қайтыс болған күн туралы айтты»
- «Сені қарғаймын, балаларыңды. Байжанов Бишімбаевтың қысымы туралы»
- «Мұқатып, кек алады. Нүкенованың құрбысы Аидаға жазған хаттары оқылды»
- «Они издевались над телом Салтанат» - брат Нукеновой о Бишимбаеве и Байжанове»
- «Решила выступить красиво: брат Салтанат Нукеновой не поверил жене Байжанова»

Бұл материалдарда ресми дәлелдерден гөрі субъективті пікірлер, жақын туыстардың эмоциялық естеліктері, болжамды тұжырымдар басым түседі. Нақты факті орнына — сезім, ашу, қорқыныш секілді категориялармен ақпарат беріледі.

Спекулятивтік нарративтің құрылымдық ерекшеліктері

1. Құрбанның ішкі күйі туралы болжам

Журналистер кейіпкерлердің (Салтанат, оның туыстары) психологиялық күйін өз бетінше сипаттап, оқырманға әсер ететін нарративтер құрады:

- «Салтанат өлер алдында күйеуінің қолын қатты қысты, бұл оның қорыққанын көрсетеді» (*Tengrinews.kz*, 2024).

Мұндай сөйлемдер болжамға негізделген және ресми тергеу деректеріне сәйкес келмеуі мүмкін.

2. Сотталушылардың әрекетін интерпретациялау

Бишімбаев немесе оның қорғаушылары тарапынан айтылған әрекеттер көп жағдайда теріс, айыптаушы реңкте сипатталады:

- «Байжановтың әйелі сотта “қатты әсерлі” сөйледі, бірақ Салтанаттың туыстары бұған сенбеді» (*Tengrinews.kz*, 2024).

Бұл дәлел емес, бірақ қоғам алдында пікір қалыптастыруға әсер ететін интерпретация.

3. Диалогтық/халықтық дискурс элементтері

Мақалаларда халық пікірі, әлеуметтік желі комментарийлері, туыстардың эмоцияға толы сөздері нақты факт ретінде беріледі:

- «Сені қарғаймын! – деп Салтанаттың туысы Байжановқа айтты. Бұл қоғамның ашуын көрсетеді» (Tengrinews.kz, 2024).

Мұндай тәсіл оқырманды эмоцияға жетелейді, бірақ фактінің өзектілігін әлсіретеді.

Дискурстың медиалық функциясы мен салдары

Спекуляцияға құрылған материалдар ең әуелі эмоцияға әсер етеді, сөйтіп оқырманның оқиғаға деген субъективті реакциясын қалыптастырады. Зерттеушілер соның салдарынан факт пен пікір арасындағы шекара жойылып, бір жақты тұжырымдардың тууына ықпал етеді деп есептейді (Richardson, 2007), әрі қоғамдық наразылықты күшейтеді. Сонымен қатар *қоғамдық пікірді манипуляциялаудың да күшті құралына айналады*. Бұл соттың шешім қабылдауына да белгілі деңгейде әсер етуі мүмкін.


Кесте 3. Болжам/спекуляция тіркестерінің қайталануы

Мақала атауы	Болжам/спекуляция тіркестері	Категория қайталану саны
«Салтанат қолымды қатты қысты»	Қорыққан болуы мүмкін, белгі берген шығар	3
«Мұқатып, кек алады»	Хаттағы ойлар – психологиялық қысымның белгісі	4
«Сені қарғаймын»	Ашуға булыққан туыстың сөзі	2

Ескерту. Авторлар талдау барысында дайындаған кесте

«Болжау және спекуляция» категориясы медиа үшін тартымды әрі әсерлі дискурс түрі болғанымен, оның шынайы ақпаратты бүркемелеу, қоғамда қате пікір қалыптастыру сияқты теріс салдары басым. Салтанат Нүкенованың өліміне байланысты мақалаларда бұл тәсіл жиі кездесіп, зорлық-зомбылықтың гендерлік және әлеуметтік себептері ескерусіз қалды. Мәселені нақты деректер арқылы ашудың орнына, журналистер эмоция мен болжамға сүйеніп, оқырманға субъективті интерпретация ұсынды.

Диаграмма 1. Категориялар жиілігі (20 мақала бойынша)



Ескерту. Авторлар талдауы нәтижесінде дайындалды

Диаграммада зерттеу нәтижесі көрсетіліп отыр. CDA (Critical Discourse Analysis) әдісі арқылы үш негізгі дискурстық категория анықталды: процедуралық кадрлеу (35%), сенсацияландыру (40%) және болжам/спекуляция (55%). Анализ нәтижесі БАҚ тұрмыстық зорлық-зомбылықты көбіне эмоциялық, драмалық формада ұсынатынын көрсетті. Медиа оқырманның қалауы мен қажеттілігін өтеу мақсатында сенсация мен эмоцияны ту етеді. Сөйтіп медиа өзінің әлеуметтік жауапкершілігін ұмытып кететіні (Richardson, 2007) тағы да дәлелденіп отыр.

Қорытынды

Бұл зерттеу Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің медиадағы бейнесін сыни дискурстық талдау (CDA) теориясы аясында зерттеуді мақсат етті. Эмпирикалық база ретінде *Tengrinews.kz* порталында жарияланған Салтанат Нүкенова ісіне қатысты 20 мақала таңдалып, олардағы дискурстық құрылымдар мен медиа стратегиялар үш негізгі категория – сенсацияландыру, процедуралық кадрлеу және болжам-спекуляция арқылы сараланды. Талдау барысында медиа тілінің эмоционалды, процедуралық және болжамдық элементтері әйел бейнесінің виктимизациялануына, қоғамдық санада гендерлік стереотиптердің бекітілуіне ықпал ететіні анықталды. Зерттеу нәтижелері журналистикада этикалық және гендерлік тұрғыдан сезімтал тәсілдердің қажет екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижесі тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары – әйелдердің медиадағы бейнесі көбіне сенсациялық сипатта, құқықтық процедураларға бағытталып немесе нақты емес болжамдарға сүйене отырып ұсынылатынын көрсетті. Салтанат Нүкенова ісі мысалында медиа оқырман назарын көбіне сот барысы мен айыпталушының әрекетіне аударып, құрылымдық зорлық мәселесіне терең тоқталмайтыны байқалды. Сонымен қатар, әйелдердің эмоциясына, отбасының реакциясына ерекше көңіл бөлінуі олардың қайғысын тұтыну объектісіне айналдыру тенденциясын күшейтеді. Бұл жағдай медианың зорлық-зомбылық құрбандарын бейнелеудегі этикалық жауапкершілігін күшейту қажеттігін дәлелдейді.

Сол себепті де медиа мамандарына тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерін жазуда төмендегі мәселелерді ескеру ұсынылады. Біріншіден, журналистер мен редакторлар

тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесіне қатысты материал дайындағанда құрбанның бейнесін виктимизацияламай, құрылымдық себептер мен әлеуметтік контекстке мән беруі қажет. Екіншіден, эмоциялық манипуляциялар мен сенсацияға құрылатын тақырыптардан бас тарту ұсынылады. Үшіншіден, гендерлік теңдік және зорлықсыз қоғам қағидаттарын насихаттайтын арнайы медиа-нұсқаулықтар мен тренингтер ұйымдастыру қажет. Төртіншіден, оқырмандар медиа материалдарға сыни көзқараспен қарап, сенсациялық ақпаратқа сенбеуді үйренуі керек. Бесіншіден, зорлық-зомбылық туралы хабарламалардағы құрбанды кінәлауға жол бермеу – қоғамдық жауапкершілік. Соңғысы, медиа және гендерлік репрезентация тақырыбын кеңейтіп зерттеу қажет.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы медиаға CDA әдісін кеңірек енгізіп, билік пен идеологияның медиа дискурста қалай көрініс табатынын зерттеу маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- Akhmetova, A., Ismagulova, R., & Saparova, G. (2024). *Media framing of domestic violence in Kazakhstan: A critical discourse analysis*. Al-Farabi Kazakh National University Press.
- Alzhanova, A. (2024). Speak Up: Effective Communication Strategies in Domestic Violence Crises in Kazakhstan. *Journal of Contemporary Issues in Media & Communication (JCIMC)*, 4(1), 1-22.
- Aragbuwa, A. (2021). A critical discourse analysis of victims' narratives in Stella Dimoko Korkus' domestic violence diary. *Ghana Journal of Linguistics*, 10(1), 251-275.
- Berns, N. (2004). *Framing the victim: Domestic violence, media, and social problems*. Aldine de Gruyter.
- Chouliaraki, L. (2006). *The Spectatorship of Suffering*. Sage Publications.
- Easteal, P., Holland, K., Breen, M. D., Vaughan, C., & Sutherland, G. (2019). Australian media messages: Critical discourse analysis of two intimate homicides involving domestic violence. *Violence against women*, 25(4), 441-462.
- Fairclough, N. (1995). *Media discourse*. Edward Arnold.
- Janks, H. (1997). Critical discourse analysis as a research tool. *Discourse: Studies in the Cultural Politics of Education*, 18(3), 329–342.
- Кәпқызы, Е. (2022). Қазақ тіліндегі медиа: КТК, Айқын және www.malim.kz медиа құралдарындағы көпбалалы аналар репрезентациясы. Ергебеков, М., & Темірбекова, Ж. (Eds.). *Гендер және Қазақстан қоғамы*. (бб. 129-144) Фридрих Эберт атындағы қордың Қазақстандағы өкілі. <https://library.fes.de/pdf-files/bueros/kasachstan/19672.pdf>
- Kitzinger, J. (2004). *Framing abuse: Media influence and public understanding of sexual violence against children*. Pluto Press.
- Krippendorff, K. (2018). *Content analysis: An introduction to its methodology*. Sage publications.
- Lewis, D. (2016). Blogging Zhanaozen: hegemonic discourse and authoritarian resilience in Kazakhstan. *Central Asian Survey*, 35(3), 421–438. <https://doi.org/10.1080/02634937.2016.1161902>
- Mardikantoro, H. B., Baehaqie, I., & Badrus Siroj, M. (2022). Construction of women in media: A critical discourse analysis on violence against women in newspaper. *Cogent Arts & Humanities*, 9(1), 2146927, 1-14. <https://doi.org/10.1080/23311983.2022.2146927>
- Meyers, M. (1997). *News coverage of violence against women: Engendering blame*. Sage Publications.
- Nussipov, A. (2019b). Media Influence Matrix: Kazakhstan: Funding Journalism. In M. Dragomir (Ed.), *CEU's Center for Media, Data and Society (CMDs)*. Budapest. Retrieved January 26,

- 2025, from <https://cmds.ccu.edu/sites/cmcs.ccu.hu/files/attachment/basicpage/1602/kazakhstanfundingfinal.pdf>
- Örnebring, H., & Jönsson, A. M. (2004). Tabloid journalism and the public sphere: A historical perspective on tabloid journalism. *Journalism Studies*, 5(3), 283–295.
- Richardson, J. E. (2007). *Analysing newspapers: An approach from critical discourse analysis*. Palgrave Macmillan.
- Sairambay, Y., Kamza, A., Kap, Y., & Nurumov, B. (2023). Monitoring public electoral sentiment through online comments in the news media: a comparative study of the 2019 and 2022 presidential elections in Kazakhstan. *Media Asia*, 51(1), 33–61. <https://doi.org/10.1080/01296612.2023.2229162>
- Tengrinews.kz. (2024). Мақалалар топтамасы: Салтанат Нүкенова ісі туралы жаңалықтар. <https://tengrinews.kz> (Барлық деректер осы ресурстан алынған, 2024 ж. наурыз–мамыр айлары аралығында жарияланған 20 мақала негізінде)
- UN Women. (2018). Global Database on Violence against Women: Kazakhstan. <https://evaw-global-database.unwomen.org>
- Van Dijk, T. A. (1993). Principles of critical discourse analysis. *Discourse & Society*, 4(2), 249-283.

References

- Akhmetova, A., Ismagulova, R., & Saparova, G. (2024). *Media framing of domestic violence in Kazakhstan: A critical discourse analysis*. Al-Farabi Kazakh National University Press.
- Alzhanova, A. (2024). Speak Up: Effective Communication Strategies in Domestic Violence Crises in Kazakhstan. *Journal of Contemporary Issues in Media & Communication (JCIMC)*, 4(1), 1-22.
- Aragbuwa, A. (2021). A critical discourse analysis of victims' narratives in Stella Dimoko Korkus' domestic violence diary. *Ghana Journal of Linguistics*, 10(1), 251-275.
- Berns, N. (2004). *Framing the victim: Domestic violence, media, and social problems*. Aldine de Gruyter.
- Chouliaraki, L. (2006). *The Spectatorship of Suffering*. Sage Publications.
- Easteal, P., Holland, K., Breen, M. D., Vaughan, C., & Sutherland, G. (2019). Australian media messages: Critical discourse analysis of two intimate homicides involving domestic violence. *Violence against women*, 25(4), 441-462.
- Fairclough, N. (1995). *Media discourse*. Edward Arnold.
- Janks, H. (1997). Critical discourse analysis as a research tool. *Discourse: Studies in the Cultural Politics of Education*, 18(3), 329–342.
- Kapkyzy, Y. (2022). Qazaq tilindegi media: KTK, Aiqyn zhane www.malim.kz media quraldaryndagy kopbalaly analar reprezentatsiasy [Kazakh-language media: Representation of mothers with many children in KTK, Aiqyn, and www.malim.kz media outlets]. Yergebekov, M., & Temirbekova, Zh. (Eds.). *Gender zhane Qazaqstan qogamy [Gender and Kazakhstani society]* (pp. 129-144). Representative of Friedrich Ebert Foundation in Kazakhstan. <https://library.fes.de/pdf-files/bueros/kasachstan/19672.pdf>
- Kitzinger, J. (2004). *Framing abuse: Media influence and public understanding of sexual violence against children*. Pluto Press.
- Krippendorff, K. (2018). *Content analysis: An introduction to its methodology*. Sage publications.
- Lewis, D. (2016). Blogging Zhanaozen: hegemonic discourse and authoritarian resilience in Kazakhstan. *Central Asian Survey*, 35(3), 421–438.

<https://doi.org/10.1080/02634937.2016.1161902>

- Mardikantoro, H. B., Baehaqie, I., & Badrus Siroj, M. (2022). Construction of women in media: A critical discourse analysis on violence against women in newspaper. *Cogent Arts & Humanities*, 9(1), 2146927, 1-14. <https://doi.org/10.1080/23311983.2022.2146927>
- Meyers, M. (1997). *News coverage of violence against women: Engendering blame*. Sage Publications.
- Nussipov, A. (2019b). Media Influence Matrix: Kazakhstan: Funding Journalism. In M. Dragomir (Ed.), *CEU's Center for Media, Data and Society (CMDs)*. Budapest. Retrieved January 26, 2025, from <https://cmds.ceu.edu/sites/cmcs.ceu.hu/files/attachment/basicpage/1602/kazakhstanfundingfinal.pdf>
- Örnebring, H., & Jönsson, A. M. (2004). Tabloid journalism and the public sphere: A historical perspective on tabloid journalism. *Journalism Studies*, 5(3), 283–295.
- Richardson, J. E. (2007). *Analysing newspapers: An approach from critical discourse analysis*. Palgrave Macmillan.
- Sairambay, Y., Kamza, A., Kap, Y., & Nurumov, B. (2023). Monitoring public electoral sentiment through online comments in the news media: a comparative study of the 2019 and 2022 presidential elections in Kazakhstan. *Media Asia*, 51(1), 33–61. <https://doi.org/10.1080/01296612.2023.2229162>
- Tengrinews.kz. (2024). Makalalat toptamasy: Saltanat Nukenova isi turaly zhangalyktar [Compilation of articles: News about the case of Saltanat Nukenova] <https://tengrinews.kz> (20 articles published between March-May, 2024)
- UN Women. (2018). Global Database on Violence against Women: Kazakhstan. <https://evaw-global-database.unwomen.org>
- Van Dijk, T. A. (1993). Principles of critical discourse analysis. *Discourse & Society*, 4(2), 249-283.

IRSTI: 19.21.91

Domestic Violence and Its Portrayal in the Media: The Case of Saltanat Nukenova

Yessengul Kapkyzy
SDU University, Kaskelen, Kazakhstan
email: yessengul.kap@sdu.edu.kz

Alina Seregina
Independent researcher, Almaty, Kazakhstan

Abstract

This study focuses on the media representation of women who have been subjected to domestic violence in Kazakhstan. The primary objective is to examine how women, victims of domestic violence, were portrayed by state media, thereby understanding the government's narrative. In particular, the media's representation of women as victims of domestic violence, the analysis of how information reaches the audience, and the identification of the prominent trends that the media forms.

The study, guided by the theory of Critical Discourse Analysis (CDA), uses Saltanat Nukenova's case as a lens to examine the societal implications of the media's portrayal of women. This approach enables us to

uncover the ideologies that underlie these representations, particularly the power dynamics between authorities and society, as well as their influence on social norms. The study, in the case of Saltanat Nukenova, provides a critical analysis that should concern and engage the audience.

The results of the study show that the media often distorts the image of women, portraying them as excessively weak and vulnerable, while the root social causes of violence go unnoticed. This underscores the urgent need for a critical analysis to address these issues, emphasizing the importance of the research to the audience.

Keywords: domestic violence, Saltanat Nukenova, CDA, Tengrinews

МРНТИ: 19.21.91

Медийный образ женщин подвергшихся бытовому насилию на примере дела Салтанат Нукеновой

Есенгул Кап²

SDU University, Қаскелең, Қазақстан

*e-mail: yessengul.kap@sdu.edu.kz

Алина Серегина

Тәуелсіз зерттеуші, Алматы, Қазақстан

Аннотация

Данное исследование сосредоточено на медийной репрезентации женщин, подвергшихся бытовому насилию в Казахстане. Основная цель – выявить, каким образом государственные СМИ описывали женщин, ставших жертвами семейных конфликтов, и через это понять правительственный нарратив. В частности, исследование анализирует, как в медиа репрезентировались женщины – жертвы семейных ссор, каким образом информация доходила до аудитории, а также определяет основные тенденции, сформированные медиа. В качестве кейс-стади рассматривается дело Салтанат Нукеновой, вызвавшее большой общественный резонанс, при этом используется теория критического дискурсивного анализа (Critical Discourse Analysis, CDA). Особенность CDA заключается в выявлении скрытой идеологии в медийных образах, в акценте на отношениях между властью и обществом и в анализе стереотипов, формирующих социальные нормы. Основным объектом данного исследования является дело Салтанат Нукеновой, через которое критически анализируется медийный образ женщин-жертв семейных конфликтов.

Результаты исследования показывают, что медиа чрезмерно эмоционализируют образы женщин, представляя их слишком слабыми и беспомощными, при этом не уделяя должного внимания основным социальным причинам насилия. В связи с этим исследования медиа должны акцентировать внимание на социальной ответственности журналистов, на их языковых дискурсах и инструментах, подвергая их критическому анализу. Медийный образ женщин определяется не только как результат распространения информации, но и как важный инструмент формирования гендерных представлений в обществе.

Ключевые слова: бытовое насилие, дело Салтанат Нукеновой, CDA, Tengrinews

*Келіп түсті: 24 қыркүйек, 2025 жыл
Қабылданды: 30 қыркүйек, 2025 жыл*

² К.ф.н., SDU University, Ассистент профессор кафедры Социальных наук, ORCID 0000-0002-9276-1864